

Құркелес ауылдық округі Еңкес ауылының Ш.Қалдаяқов көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Құркелес ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 62 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 тамызда № 3327 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Құркелес ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 8 қазандағы № 76 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Құркелес ауылдық округі әкімінің 08.10.2015 № 76 шешімімен.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының Сарыағаш ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 5 тамыздағы № 02-17/206 (02-16) ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Құркелес ауылдық округі, Еңкес ауылы, Ш.Қалдаяқов көшесі № 14 мекен жайдағы үйде тұратын И.Сапаровтың иті «құтырық» ауруымен ауруына байланысты Ш.Қалдаяқов көшесінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Құркелес ауылдық округі әкімінің орынбасары **Х.Байболаевқа** жүктелсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

округінің әкімі **Қ ұ р к е л е с** *а у ы л д ы қ*
А.Рахимбердиев